

АҒЫМДАҒЫ ЖӘНЕ АРАЛЫҚ БАҚЫЛАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫСТАРЫ

Оқытудың құзыреттілікке бағытталған технологиясын жобалап қалыптастыруда оқыту нәтижелерін бағалау және бақылау аса маңызды болып табылады. Оңтайлы (орындалуға тиісті педагогикалық мақсаттар тұрғысынан) әдістері мен оқытудың ұйымдастырылу түрлері, ақпараттандырудың заманауи құралдары болса да, оқу үдерісін бақылау жүйесі болмаса, білім алушылардың білімдері мен дағдыларының уақытылы тексеріліп бағаланбаса, сонымен қатар кері байланыс қалыптаспаса, оқу үдерісін басқарылмалы және мақсатқа сәйкес ету мүмкін емес.

Оқыту сапасын, яғни оқытудың күтілетін нәтижелеріне жету деңгейін анықтау үшін оқытушының алдына оқылған материалды меңгеру сапасының көрсеткіштерін, бақылаудың әдістері мен түрлерін таңдау, оны жүзеге асырудың процедураларын жасау, бақылау мен бағалаудың негізгі функцияларына сәйкес оқу қызметін жекеше түзету тәсілдерін негіздеу міндеттері қойылады.

Үлгерімді бақылау барысында білімдер, дағдылар мен ептіліктер тереңдетіліп дамитын болса, білімділік деңгейі жоғарыласа, ақыл-ой еңбегінің мәдениеті артса, білім алушының дербестігі ынталандырылса, бақылаудың *оқыту функциясы* жүзеге асады.

Бақылаудың ықпалынан психикалық үдерістер мен зейін, есте сақтау, ойлау сияқты тұлғаның қасиеттері мен дамитын болса, таным белсенділігі ынталандырылса, бақылаудың *дамыту функциясы* орын алады. Тек білім алушыға берілетін тапсырмалар (сұрақтар) жауап беру кезінде одан оқығанын айтып беруді емес, түсіндіруді, дәлелдеуді, негіздеуді талап ететін болса ғана бұл функция жүзеге асады.

Тәрбиешілік функция. Үлгерімді бақылаудың бағасы білім алушы қызметінің нәтижелері туралы қоғамдық пікірін бейнелейтін болғандықтан, ол білім алушыға үлкен моральді ықпал көрсетіп, өзінің оқу міндетін түсінуін және жауапкершілікті тәрбиелей отырып, жігерін, тәртіптілігін, ұстанымдылығын дамытады.

Басқарушы функция. Үлгерімді бақылау білім алушы мен оқытушыға жетістіктер деңгейін көрсететін және ары қарай үлгерімді жақсартуға бағыттайтын үздіксіз кері байланыс болып табылады.

Бақылау-бағалау функциясы білім алушы оқу қызметінің барысы мен нәтижелерін қадағалауға мүмкіндік береді. Бұл функцияда бақылау жүйесі оқытушы тарапынан бақылау жасаудан, білім алушылар бір-бірін бақылаудан және олардың өз-өзін бақылаудан тұрады. Өз-өзін бақылаудың маңызын психологтар дәлелдеп, егер адам өзінің қателіктері мен кемшіліктерін көрмесе, өз қызметінің нәтижелерін сыни бағалай алмаса, онда көп рет қайталай берсе де оның қызметі бойынша нәтижелерінің дамымайтынын көрсеткен.

Ұйымдастырушы функция. Жүйелі түрде жүргізілетін бақылау білімгердің жұмысын ұйымдастырып, жоғары оқу орнының талаптарына бағыттап, өзіндік жұмыстың тиімді тәртібін құрастыруға ықпал етеді.

Кәсіби бағытталған оқыту технологиясының шеңберінде жоғарыда көрсетілген функциялардың жүзеге асуы, яғни педагогикалық тиімділік көрсетуі, бақылау мен бағалау жүйесіне қойлатын дидактикалық талаптардың орындалуына байланысты. Мұндай бірқатар маңызды талаптарды атап өтейік:

◆ жекеше (дербес) сипаттамасы, жеке студенттің нәтижелерін ұжымның (оқу тобының) қорытындыларымен және керісінше алмастыруға жол бермейтін әр білімгердің жұмысын, оның жеке танымдық қызметін бақылауды талап етеді;

◆ оқыту технологиясын жүзеге асырудың барлық кезеңдеріндегі бақылаудың жүйелілігі мен тұрақтылығы, оның білім алушылар оқу қызметінің басқа тараптарымен үйлестіру;

◆ жоғарыда айтылған бақылау функцияларының орындалуын қамтамасыз ететін әртүрлі бақылау әдістерін қолдану, бақылаудың жүргізілуі мен нәтижелеріне деген білім алушылардың қызығушылығын арттыру;

◆ оқу бағдарламасының барлық тарауларын, теориялық білімдер мен тәжірибелік дағдылар мен ептілікті қамтамасыз ететін бақылаудың толықтығы (жан-жақтылығы);

◆ студенттерді толық білмегендіктен немесе кейбіреуіне бір жақты көзқарасынан пайда болған оқытушының субъективті және қате бағалау пікірі мен қорытындыларын болдырмайтын бақылаудың әділдігі;

◆ әр оқу пәнінің (оның жеке тарауларының) ерекшеліктерін, сонымен қатар әр білім алушының жеке сипаттамаларын ескеретін дифференциацияланған тәсілдеме.

Оқытудың кәсіби-бағдарлы технологиясын жобалау және жүзеге асыру кезінде оқу үдерісі нәтижелерін бақылаудың оңтайлы әдістерін таңдау маңызды орын алады.

Бақылау әдістері дегеніміз білім алушылардың оқу-танымдық пен басқа қызмет түрлерінің және оқытушылардың педагогикалық жұмысының нәтижелілігін анықтаудың тәсілдері. Қазіргі замандағы дидактикада бір-бірімен үйлестірілген ауызша, жазбаша, тәжірибелік (зертханалық), машиналық (компьютерлік), білім алушылардың өз-өзін бақылау әдістері қолданылады.

Бақылау әдістерімен қатар педагогикалық әдебиеттерде бақылау түрлері көрсетіліп, келесідегідей жіктеледі:

- оқыту мақсаттарының масштабы бойынша: стратегиялық, тактикалық, оперативтік;
- оқу кезеңдері бойынша: ағымдық, аралық, қорытынды;
- уақыттық бағытталуы бойынша: ретроспективалық, алдын-ала, озық;
- бақылау жиілігі бойынша: бір жолғы, мерзімді, жүйелі;
- бақылау ауданы бойынша: локалді, іріктеме, тұтас;
- оқытуды ұйымдастырудың формалары бойынша: жеке, топтық, тұтас (фронталді);
- әлеуметтік жанама формалары бойынша: сыртқы (әлеуметтік), аралас (бір-бірін бақылау), ішкі (өз-өзін бақылау);
- оқу сабақтарының түрі бойынша: дәрістегі, семинардағы, тәжірибелік және зертханалық сабақтағы, сынақтағы, коллоквиумдағы, емтихандағы;
- бақылауды жүзеге асыру тәсілдері бойынша: жазбаша, ауызша, стандартталған, машиналық және т.б.

Өткізу мерзіміне қарай бақылау қорытынды және ағымдағы деп бөлінеді. Ағымдағы бақылау өз жағынан нақты ағымдағы және аралық деп бөлінеді.

Үлгерімнің ағымдағы бақылауы әр тақырып, тарау бойынша білімді игеру сапасын, тереңдігін, көлемін; кемшіліктер мен оларды жою шараларын; білім алушылардың жұмыстағы жауапкершілік дәрежесін, олардың қабілетінің даму деңгейін, жұмысқа кедергі жасайтын себептерін; өзіндік жұмыс дағдыларын игеру деңгейін, оларды дамыту жолдары мен құралдарын анықтайды.

Сонымен қатар, бақылау болашақ мамандардың мамандыққа деген қызығушылығын, танымдық белсенділігін арттырып, оқу материалын өз бетінше меңгеру дағдысын күшейтеді.

Ағымдағы бақылауды оқытушы күнделікті оқу жұмысы барысында жүзеге асырып, сабақтарды ұйымдастыру формаларының шеңберінде өткізеді. Мұнда жалпы топтың және әр білім алушының жеке жұмысы бақыланады, жаңа материалды меңгерумен, оны бекітумен үйлестіріп білім, дағдылар, ептілік жүйелі тексеріледі.

Аралық бақылау. Ағымдық бақылау кезінде әр жеке білім элементінің, қалыптасатын дағдының әр элементінің меңгерілуі қамтылады. Бұл өте маңызды, бірақ тақырыптың бір бөлігінің ғана емес, толық та терең қабылдануына жеткіліксіз. Оқылатын материал біртұтас ретінде игерілу үшін, аралық бақылауды білім алушылардың әр тақырыпты меңгеру дәрежесін, олардың оқу материалын алдындағы білімдермен байланыстырып, құбылыстар, түсініктер, негізгі идеялардың дамуын, күрделіленуін бағалау қабілетін анықтауға мүмкіндік туғызатын форматта өткізу керек. Мұндай формат ретінде аралық бақылауды жарты семестрлік емтихан Midterm exam (Midterm examination) түрінде өткізуге болады.

Midterm exam пәннің академиялық саясатына байланысты әртүрлі формада өткізілуі мүмкін.

Ауызша емтихан (Oral Exam) – оқытушы білім алушыларға ауызша, яғни қағазға түсірілмейтін жауапты талап ететін сұрақтар қойылатын емтихан.

Жазбаша «жабық кітап» емтиханы (Closed book Exam) студент сұрақтарды алғашқы рет көріп, емтихан барысында жауап жазатын емтиханның «әдеттегі» түрі.

«Ашық кітап» емтиханы (Open-book Exam or Open paper Exam). Емтиханның бұл түрінде студенттерге оқулықтар мен басқа кітаптарды пайдалануға рұқсат етіледі. Яғни бұл кезде негізгі акцент студенттің «есіне не сақталғанына» емес, оқыған материалды «қалай пайдаланатынына» қойылады. Емтиханның мұндай форматында студент жүзеге асыратын талдау маңызды.

Open Paper Exam – бір-екі сұрақ студенттерге ертерек (мысалы, бір апта бұрын) хабарланатын емтиханның күрделі түрі деуге болады. Оны тапсыру үшін білім алушы өзінің зерттеу мен талдау дағдыларын көрсету керек. Нәтижесі тақырып бойынша қысқаша эссе түрінде келтіріледі. Емтихан күні студенттер алдын-ала дайындаған эсселерін жазып береді. Емтиханның бұл түрінде қойылатын сұрақтардың тура жауабын оқулықтан тауап алуға болмайды. Әдетте жетістікке жету үшін студенттер жиналып, бір-бірімен пікір алмасып, өздерінің зерттеу нәтижелерін талқылайды.

Open book Exam емтихан түрінде студенттер оқулықтарды пайдалануға құқылы. Бірақ кітаптардың саны мен түрі шектеулі. Жеңіл болып көрінгенімен, бұл емтиханды тапсыру қиын. Мысалы, мұндай емтихан формулалары мен есептеулері көп болатын пәндер (статистика) үшін қолайлы. Егер студент пәнді жақсы меңгеріп, дайындыққа берілген уақытты, көбінесе, есеп шығаруға арнаса, онда ол бұл емтиханды сәтті тапсырады. Өзінің уақытын жоспарлау жетістікке жету шарты болып табылады, себебі емтиханда берілетін уақыт студенттің есеп шығару үшін формуланы немесе тапсырманы орындау үшін басқа ақпарат іздеуіне жетпейді. Сондықтан уақытты кітаптан материал іздеу мен цитаталарды көшіруге жұмсамай, тиімді пайдалану керек. Тапсырманы орындау үшін уақытты үнемдеуге мүмкіндік беретін формулалар тізімдерін, бағдарламалы калькуляторларды, өздерінің эссе материалдарын, дәріс конспектілерін қолдануға болады.

Заң ғылымдары бойынша open book емтихан ұйымдастыру мысалы:

«Сіздер емтиханға кез келген бір кітап, сонымен қатар тақырыпқа байланысты кез келген материалдарды, оның ішінде эсселер мен дәріс конспектілерін, әкелуіңізге болады.

Сізге тек бір кітап әкелуге рұқсат етіледі! Бірақ пән бойынша әртүрлі материалдарды әкелуіңізге болады.

Сіздерден барлығын еске сақтау талап етілмейді, сондықтан сіздер сілтеме жасау үшін әдебиет көздерін пайдалануыңызға болады».

«Ойлану» емтиханы («Thinking» exam). Емтиханның бұл түрінде студент белгілі бір мәселе бойынша үлкен мәтін жазу керек. Мысалы, студенттерге үш сағат ішінде үлкен эссе жазуға тапсырма беріледі. Бірінші сағат ішінде студенттер ойланып, эссенің құрылымын дайындап, қалған екі сағат ішінде ойын іріктеп жазады. Емтиханның бұл форматы студенттен өзінің «миі» мен талдау қабілетін пайдаланып, пәннің әртүрлі бөліктерін біріктіруін талап етеді. Батыс елдердің жоғары оқу орындары үшін эссе жазу емтиханның дәстүрлі түріне (Essays in exams) айналған. Бұл кезде келесі мәселе туындайды: емтиханның бұл түрі қаншалықты студенттердің ойлау қабілетін бақылауға бағытталады. Мүмкін осыдан емтиханның «Critical Thinking exam» түрі пайда болып келеді.

Үйге берілетін емтихан жұмысы («Take-Home» exam). Студенттер өздерінің емтихан тапсырмаларын үйге алып кетеді. Жұмысты аяқтап тапсыру үшін студенттерге әдетте біраз (бірнеше сағаттан бірнеше аптаға дейін) уақыт беріледі.

«Take-Home» емтиханын ұйымдастыру мысалы:

«Ойлау туралуы толғану.

Бұл take-home емтиханы. Сіздерге оқып, зерттеп, мәтін жазып, оны редакциялауға 8 сағат уақыт беріледі. Сіздің жауабыңыз А4 форматындағы 6 беттен (аралығы екі бос жол) аспау керек. Сіз кез келген жазбаша материалдарды қолдана аласыз, бірақ ешкімнен кеңес алуға болмайды.

Сұрақтар:

1) Ғылым, дін және заң биліктің әртүрлі ресурстарына, әртүрлі әдіснамаларға, шынайылықтың, жөнділіктің және жауапкершіліктің әртүрлі көрсеткіштеріне, тіпті талқылау мен оқытудың әртүрлі стильдеріне ие. Осы айрмашылықтарды келесі 4 аспектінің контекстінде ашып беріңіз:

- a) өлім
- b) басқаша ойлау
- c) эмпиризм, сенім және табиғи заңдылық
- d) ізгі ықылас және детерминизм

2) Осы пәнді оқу барысында кез келген типология мен жіктелу адамдар мен топтарды саралауға әкеліп соғатынына біз жиі назар аударғанбыз. Егер осылай болса, «Неге?» деген сұраққа жауап беріңіз. Келіспесіңіз, контр-аргумент ұсыныла аласыз ба?

Осы мәселе бойынша ойлану үшін адамның пайда болу эволюциясының теориясына негізделген, адам топтарының арасында минималды айырмашылықтар бар екенін көрсететін екі мәлімет көзін талдаңыз. Немесе, егер Сіз бұл пікірмен келіспесіңіз, неге екенін түсіндіріп, осындай альтернативті көзқарасты қолдайтын мәліметтерді келтіріп түсіндіріңіз».

Практикалық емтихан (Practical exam). Кейбір емтихандарға практикалық мәселелер мен жобалар кіреді. Бұл жағдайда студенттер өздерінің ептілігін, қабілеттілігін, алған білімдерді қолдана білуін көрсету керек (ол портфолио жасау бойынша сынақ, белгілі бір зат немесе бұйым жасау бойынша тапсырма, моторлық, артистік және т.б. дағдыларын көрсету сияқты тапсырмалар болуы мүмкін).

Ағылшын тілінен емтихан мысалы.

«Емтиханда кейбір мәтіндік материалды бір формадан екіншісіне ауыстыру тапсырмасы беріледі. Емтихан сұрақтары алдын-ала айтылмайды, бірақ қандай тақырыпта болатыны хабарланады. Сіздерге берілетін материалды үйге алып, екі күн бойы қарастыруыңызға болады. Оқытушыдан кеңес алуға, сондай-ақ, басқа адамдармен сіздің сұрақтарыңызды талқылауға рұқсат берілмейді.

Емтиханға келген кезде, сізден үш сауалдың біреуіне жауап беруіңізді сұрайды.

Сіздің мақсатыңыз материалдарды әртүрлі формаға (мысалы, презентацияның белгілі бір түріне, постерге, мәтін түріне) айналдыру».

Тестілеу (Multiple-choice exam или Shot-question exam) — дұрыс жауап таңдау емтиханы. Әр сұрақ бойынша екі немесе одан көп жауаптың ішінен студент дұрысын таңдайтын емтихан түрі. Емтиханның бұл түрі әдетте нақты білімді тексеру үшін қолданылады. Бір жағынан бұл емтихан түрі студент білімінің дәлме-дәл көрсетілуін талап етсе, екінші жағынан жауаптың кездейсоқтығын жоққа шығармайды.

Кез келген Midterm exam формасында келесіні ескеру керек:

- бағалау валидті болу керек бағалау нысандары пәннің мақсаттарына сәйкес болу керек;
- бағалау сенімді болу керек (бірыңғай стандарттар мен көрсеткіштерді қолдану керек);
- бағалау әділ болу керек (әр білім алушының жетістікке жету мүмкіндіктері бірдей болу керек);
- бағалау дамытушы болу керек (студенттердің мүмкіндіктері мен ары қарай нәтижелерді жақсарту жолдарын анықтау керек);
- бағалау уақытылы болу керек (дамытушы кері байланысты жасау керек);
- бағалау тиімді болу керек (студенттер мен өзіңіздің барлық уақытын алып қолмай, орындалатындай болу керек).

Бақылаудың кез келген түрі оқыту нәтижелерін нақты бағалауға мүмкіндік беріп, пән бойынша барлық тапсырмалар критериялды-бағытталған тәсілдеме шеңберінде құрастырылуы тиіс. Тапсырмалар мазмұнына оқу ақпараты кіру керек, ал оған жауап беру үдерісін және берілетін жауап мазмұнын жоғары оқу орны түлегінің болашақ кәсіби қызметімен байланыстыру керек.

Бағалау тәсілдерін таңдау барысында валидтілік факторы ең маңызды критерий болғандықтан, пән мақсаты мен бағалау әдістері бір-біріне сәйкес келу керек. Әртүрлі оқу нәтижелері мен оларды бағалау тәсілдерін сәйкестендеру мысалдары кестеде келтірілген.

Күзіндеттер	Оқыту нәтижелері	Бағалау тәсілдердің мысалдары
Сыни ойлану, пікірін жеткізе білу	Аргументация, рефлексия, бағалау, ой тұжырымын жасау	Эссе жазу (аргументацияны ұсынып дамытуға, рефлексивті бағалауға бағытталған).

	және т.б.	Белгілі жағдайды сыни талдау. Қарастырылған әдебиетті сыни бағалау. Рефлексивті күнделік толтыру. Хабарлама/баяндама жасау (мәселеме мен оны шешу жолдарын анықтайтын). Мақала дайындау/жазу. Мақала, кітап, монографияға комментарий жасау.
<i>Мәселені шешу/ жоспарлау</i>	Мәселені анықтау немесе алдына қою, мәліметтерді жинақтап талдау, интерпретация, экспериментті жоспарлау, теория мен ақпаратты пайдалану және т.б.	Белгілі жағдайды/ситуацияны талдау. Мәселені сценарийлеу. Ситуацияны модельдеу. Топтық жұмыс (белгіленген мәселені ұжымдық талқылау, оның шешімін іздеу). Өз жұмысы бойынша мәселені/тәжірибесін әріптестерімен талқылауы және рефлексиясы. Реалды мәселе бойынша зерттеу ұсынысының жобасын дайындау.
<i>Әрекет жасау/ операциялар мен техникаларды көрсету</i>	Есептеу, мәтінмен жұмыс жасау, жабдықтарды қолдану, процедураларды орындау, хаттамалар толтыру, нұсқаулықтарды орындау және т.б.	Зертханалық жұмыс бойынша есеп дайындау. Тәжірибені/ эксперимент көрсету. Рольдік ойынға қатысу. Бағдарламалық қамту мен бейне (видео) қолдану. Презентациялық плакат дайындау. Белгілі аудитория үшін жабдықтарды қолдану бойынша мануал (нұсқаулық) жасау. Кәсіби қызметті бақылау және реалды түрде көрсету.
<i>Басқару/ даму (өзін-өзі басқару өзін-өзі дамыту)</i>	Жеке және кооперативтік жұмыс дағдылары, өзінің оқуы мен дамуына жауапкершілігі, өзінің оқу қажеттіліктеріне диагноз жасау қабілеті, тайм-менеджмент жасау, өзін-өзі бағалау үшін оқу ресурстарын іздену және т.б.	Оқу келісімшарттарын жасау және оларды орындау (студенттер мәселені тұжырымдап, жобаны құрастырып және орындап, тәуелсіз критерийлер бойынша өз жетістіктерін бағалайтын өзін-өзі басқаратын жобалар формасы). Портфолио жасау. Өзін-өзі бағалауды жүзеге асыру. Автобиография жазу. Рефлексивті күнделік толтыру. Бір-бірін бағалау. Топтық жобаларға қатысу және оларды бағалау. Бір-бірін оқыту.
<i>Білімді/ түсінікті көрсету</i>	Мазмұндау, баяндау, бейнелеу, атап өту, тану және т.б.	Емтихан (ауызша, жазбаша). Эссе жазу (ақпаратты баяндауға негізделген). Мультивариантты сауалнамаларды толтыру. Тест/ мини-тестілерді орындау. Бақылау (жауап алу).
<i>Әзірлеу/ құру</i>	Жобалау, визуализация, ойлап шығару, құру, орындау және т.б.	Портфолио жасау. Презентация әзірлеу. Перфоменс. Топтық жобаларға қатысу. Жарыстарға қатысу. Жобаны әзірлеу және енгізу. Орындау сапасын бағалау.
<i>Коммуникация</i>	Вербальді және вербальді емес, жазбаша, ауызша, топтық коммуникация дағдылары; Аргументация, қорғау, келіссөздер, презентация, сұхбаттасу және т.б.	Топтық жұмысқа қатысу. Дискуссияға (пікір таласқа, келіссөздерге) қатысу. Рольдік ойындарға қатысу. Жазбаша презентация дайындау (эссе, есеп, рефлексивті күнделік және т.б.). Бейнежазбамен қамтылған көпшіліктің алдындағы презентацияға қатысу. Кәсіби қызметті бақылау және реалды түрде көрсету.
<i>Ақпаратты іріктеу/ өңдеу</i>	Ақпаратты іздеу, іріктеу және т.б.	Кітапхана ресурстарын зерттеу. Мәліметтер базасын құрастыру.

		Сайттар жасау. Библиография түйендемесін жасау.
--	--	--

Midterm Exam форматында аралық бақылауды ұйымдастыру реті

1. Ағымдағы бақылаудың әр тапсырмасы (есеп шығару, презентация, эссе дайындау, зертханалық жұмыс жасау және т.б.) үшін баға жинақтау жүйесі бойынша қойылып, бір аралық бақылау қорытындысы 100 балды құрайды.
2. Ағымдағы бақылау тапсырмаларының барлық түрі бойынша бағалар қорытындысы болып табылатын АБ1 және АБ2 бағасы аралық бақылау тізімдемесіне, сәйкесінше 7-ші және 15-ші апталарда қойылады.
3. Бір пән бойынша бір аптада қойылатын баға 50 балдан аспау керек.
4. Midterm Exam 7-8-ші апталарда өткізіледі.
5. Оқытушы пән бойынша Midterm Exam формасын анықтап, бағдарламасын құрастырады. Бағдарламада қарастырылатын сұрақтар тізімі, әдістемелік нұсқаулықтары, тапсырманың нақты тұжырымдамасы, дайындалу үшін әдебиеттер тізімі келтіріледі.
6. Оқыту нәтижесін меңгеру дәрежесі мен оған сәйкес бағасын анықтауға мүмкіндік беретін жауап сапасының шкаласын әр тапсырма бойынша құрастыру керек.
7. Midterm Exam бағдарламасы «Универ» жүйесіндегі оқытушының ПОӘК құрамындағы «Емтихан сұрақтары» бөліміне енгізіледі.
8. Midterm Exam бағасы 8-ші аптада 100-балдық жүйе бойынша жеке емтихан тізімдемесіне енгізіліп, пәннің қорытынды бағасында

$$\text{Пәннің қорытынды бағасы} = \frac{\text{АБ1} + \text{АБ2}}{2} \cdot 0,6 + 0,1\text{MT} + 0,3\text{ҚБ}$$

формуласымен есептеледі.

Мұндағы АБ1, АБ2 – аралық бақылау бағалары (ағымдағы бақылау бағаларының қорытындысы); МТ – Midterm Exam бағасы; ҚБ – қорытынды бақылау (сессия кезіндегі емтихан) бағасы. Пәннің қорытынды бағасы «Универ» жүйесінде автоматты түрде есептеледі және дөңгелектенеді.